

ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдебиеттанымдық журнал

№ 5 (30)

Мамыр 2014



Болат
БАЙҚАДАМОВ:
«ІСКЕРЛІГІ
ТАЛАЙҒА ҮЛГІ»

10-БЕТ

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ:
«ОЙ БИГІНДЕГІ
АЗАМАТ»

16-БЕТ

Бақытқожа РҮСТЕМОВ –

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ КЛАССИГІ



Әкім ОСМАНОВ,

Шымкент қаласына еңбегі сіңген азамат,
зейнеткер:

«АДАЛДЫҒЫ АДАСТЫРМАҒАН»

Саликалы сүрген ғұмырда сан түрлі адамдардың жолығары белгілі. Бірі кері тартпа ісімен есінде сақталса, екіншісі адамдық қасиетімен, жасаған ізгі істерімен жадында жатталары сөзсіз. Жақсы қасиет деп отырғаным, қызмет бабында ғана араласып, қызметтен босағаннан кейінгі кезеңде, яғни, зейнеткерлік шақта арамыз суымай, өздеріне аға санап, 90-ға келген шағымда бауырымдай қуантып, жабырқау көңіліме медеу болып, бір ауыз жылы сөзін білдіріп тұратын бауырларымның да ауылы алыстап бара жатқан тұста, үнемі көңіл бөліп, алыста болса да қоңырау шалып үндесіп тұратын, ішкі ойымыз жақын бір жан бар. Ол – Бақытқожа Төлегенұлы. Әкесі Төлегенді ел басқару ісінде адалдығымен, өжеттілігімен, дархан таза көңілімен, елге деген кең пейілді жүрегімен, отанына деген шексіз махаббатпен өмір сүрген, қазақтың нар тұлғалы азаматы десем еш қателеспеген болар едім. Ал, сондай нар қазақтан жай адам шығу мүмкін емес қой. Ол да шындық және табиғаттың заңдылығы. Ата-анасының бар ізгі қасиетін ана сүтімен бойына дарытып өскен нағыз ұл деп Бақытқожаны мүдірместен айтып, оң бағамды бере аламын.

Шымкент қаласында менің қолымда ревизор болып қызмет атқарып, адалдығымен артында тек жақсы сөз қалдырды. Жас болса да бас болып кез келген саяси, әлеуметтік болсын тақырып таңдамай, өзінше пікір қалыптастырып, тұщымды сарабал ойларын ортаға сала білетін. Қызметте болсын, өмірде болсын алдыңғы буын ағаларына да, соңғы буын інілеріне де үлгі бола білді. Бұл кез келгеннің қолынан келе бермес дүние ғой.

Өмірдің сан-салалы соқпақтарынан сүрінбей, қажымай, мойымай өте білген Бақыт, ауылдағы қара жұмыстан бастап, Президент аппаратына дейінгі жоғары қызметтерден көріне білді. Бұл оның қайтпас та қайсар өр мінезділігі мен білімділігінің жемісі.

«Болар елдің баласы, бірін бірі батыр дер», – деген мақалды негіздесек, жазушылық шеберлігін, қызметтегі іскерлігін, адамдық қасиетін бағалап, батыр демесек те, кешегі өткен нағыз марғасқа азаматтардың текті тұяғы екендігіне көз жеткізесіз. Айналайын Бақыт! Алпыс дегенің тал түс! Алланың берген ғұмырын баянды, мағыналы кешкейсің. Деніңе саулық, отбасыңа амандық, шығармашылығыңа шабыт тілеймін! Біз секілді ағанның тоқсаннан асқан жасын, ақ самайлы шашын берсін. Алла алпыс жылдық мерейтойыңда алпыс түрлі кереметіне бөлесін!

Шын жүректен жазылған кітап, жүректен жүрекке тез жетері анық. Сол кітаптың бірі қазақ-өзбек достығына арналған Бақыт Рустемовтың екі томдық Мәңгі достық атты кітабы. Өз қазақ ұлтына деген махаббаты секілді, өзбек ұлтына да үлкен махаббатын арнап, Өзбек ұлтын ұлы халық ретінде таныта білді. Шынайы құрметіңіз үшін сізге зор алғыс айтамын.

Худайберген САХИБОВ,
Ташкент

Үлкен әріппен атын айқындап жазар, кең жүректі, еліне жанымен берілген азамат. Қазақ халқы өз ұлтының намысын көкке көтеріп жүрген Бақытқожа Рустемов сынды дара ұлымен мақтануы керек.

Зухра Алиева,
профессор
Азербайжан Республикасы,
Баку 29.10.2011 ж